

## **ЖОБАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ӘДІСІ**

Жалғыз немесе бірнеше студент бірігіп жасайтын тақырыпты алуына болады. Бұл әдістің артықшылығы білім алушы өз алдына мақсат қойып, оған жетудің жолдарын өзі анықтап талдайды. Арнайы жоба (презентация) әзірлеп, көпшіліктің, оқытушының алдында қорғап шығады. Студенттің өз бетінше білім іздеп, шешім қабылдауына, ақпаратпен жұмыс істеуіне және шығармашылыққа үйретеді. Бұндай оқыту барысында оқытушы кеңесші қызметін ғана атқарады.

Мысалы, Қазақстан мемлекетіндегі мәдени саясаттың артықшылықтары мен кемшіліктері деген тақырыпта студенттерді дөңгелек үстелге шақырады. Әр студент өз жобаларын ұсынады. Бір-бірімен пікір алмасады. Келіспеушіліктер туған жағдайда, оқытушы спикер міндетін атқарып, қосымша сұрақтар беріп, тақырыптың ашылуына мүдделі болады.

Жобалық оқыту әдісінің мақсаты – мәселені қою және оны кезең-кезеңмен шешу арқылы оқыту, бұл ақыр соңында нақты практикалық нәтижеге әкеледі.

Оқытудың жобалық әдісінің басты ерекшелігі – студенттердің білімді өз бетімен тікелей тәжірибе арқылы меңгеруі. Оқытушы мұндай жағдайда үйлестіруші және тәлімгер қызметін ғана атқарады.

Жобалық оқыту барысында студенттер келесі дағдыларды игере алады:

Қажетті білімді өз бетінше іздеу;

Ақпараттық кеңістікте бағдарлау;

Шығармашылық және сыни тұрғыдан ойлау;

Білімнің әртүрлі салаларының арасындағы байланысты таба білу;

Коммуникативті дағдылар, топта жұмыс істей білу;

Көпшілік алдында сөйлеу дағдылары;

Талдау және ойлау қабілеті.

Жобалық менеджмент немесе жобалық басқару жүйесі мемлекеттің басқаруда кеңінен қолданылуда. Жобалық офистер ашылып, мемлекеттік басқару жүйесінің икемділігін арттыруға көмектеседі. Мемлекеттік биліктің нәтижеге жұмыс істеуіне көп мән береді.